

## **«Жандану» экологиялық жобасы бойынша экологиялық көпір**

2014 жылғы 13 қазанда Ақтөбе қаласы «Қалалық оқушылар Сарайы» МКҚК залында «Жандану» экологиялық жобасы аясында қала жастары мен жалпы білім беретін мектеп оқушыларына арналған «Қазақ елім – жасыл жерім» атты экологиялық көпір ұйымдастырылып өткізілді. Мақсаты: «Жандану» экологиялық жобасын насихаттау. Аталған іс-шараға қала жастары мен жалпы білім беретін мектеп оқушылары белсене қатысты. Жобаның авторы – Әлия Назарбаева. Жобаның негізгі мақсаты: экологиялық мәселелерді шешу үшін жастардың назарын аудару, экологиялық мәдениетін қалыптастыру.

Ұйымдастырушылар шара арқылы көрермендерге жобаның 2 жыл ішіндегі жүзеге асырған жұмыстарымен таныстырды. Жастар мен оқушыларға жобаның ресми өкілі, білім бағдарламасының жетекшісі Мұрат Исаханов «Жандану» жобасы туралы кеңінен мәліметтер берді. Экологиялық көпірде Ақтөбе қаласынан 1 ұлттық экологиялық форумға қатысқан жастар командасы сахнадан өз сәлемдемелері арқылы жастарды «Жандану» жобасын қолдауға шақырды. «Экология және мен» тақырыбы бойынша әлеуметтік бейнеролик байқауына қатысқан жеңімпаздардың жұмыстары таныстырылып өтті. Экологиялық көпірдің барысында көрермендер қазақстандық спорт, кино саласындағы танымал адамдардың жобаны насихаттау мақсатындағы үндеуіне назар аударды. Сонымен қатар, қалалық оқушылар Сарайының «Еңлік» үлгілі ансамблі және «Өрлеу», «Наз» тобының әншілері өз өнерлерін ортаға салды. Шараға қатысушылар «Жандану» жобасымен танысып, үлкен әсер алды.





